

«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

БЕКІТІЛДІ

«Марат Оспанов атындағы Батыс
Қазақстан медицина университеті» КеАҚ







Басқарманың

2024 жылғы 18 11


№ 48 хаттама шешімімен

«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БҚМУ» КЕАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ

ҚАҒИДА

Коды	Басылым	Құрастырған	Келісілді	Қолы	Күні
Қ БҚМУ 02	Төртінші	Курманғалиев К.Б. <u>Курманғалиев</u> <u>11 11</u> 2024 г.	Мусин Н.М.		15.11.24
			Журабекова Г.А.		14.11.24
			Абенова Н.А.		13.11.24
			Жиеналин Е.Ш.		13.11.24
			Кожаметов Б.К.		12.11.24
			Кубекова Г.У.		12.11.24

Ақтөбе, 2024

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 11.11.2024	Басылым: төртінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ ғылыми кеңесі туралы	Қ БҚМУ 02	6 беттің 2 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Әзірленген ұйымдық құрылымға сәйкес Ғылыми кеңес «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-ның (бұдан әрі мәтін бойынша – Университет) жетекші консультативтік-кеңесші органы болып табылады.
- 1.2. Ғылыми кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жоғары оқу орнының Ғылыми Кеңесі қызметінің үлгі ережесін және оны сайлау тәртібінің типтік ережелерін (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а 2007 жылдың 22 қарашадағы N 574 бұйрығы), осы Ережені және Университет жарғысын басшылыққа алады.
- 1.3. Ғылыми кеңестің қызметі жариялылыққа және оның құзыретіне кіретін мәселелерді ұжымдық талқылауға негізделген.

2. ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ


- 2.1. Басқарма төрағасы – Ректор (бұдан әрі мәтін бойынша – Төраға) Ғылыми кеңестің төрағасы болып табылады. Төраға Ғылыми кеңестің орынбасары – Проректорды, Басқарма мүшесін тағайындайды. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін орынбасары атқарады.
- 2.2. Ғылыми кеңестің құрамы Университетің ұйымдық құрылымындағы өзгерістер мен лауазымдық тағайындауларды ескере отырып, Төрағаның жыл сайынғы бұйрығымен бекітіледі.
- 2.3. Ғылыми кеңестің құрамына: Басқарма Төрағасы-Ректор, Басқарма мүшелері-проректорлар, ғылыми хатшы, факультет декандары, кафедра жетекшілері, жетекші профессорлар, құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері, практикалық денсаулық сақтау өкілдері, білім алушылар кіреді.
- 2.4. Ғылыми кеңестің жекелеген мүшелерін мерзімінен бұрын алып тастау Төрағаның дәлелді ұсынысы бойынша немесе оның мүшелерінің кемінде жартысының талабы бойынша жүргізілуі мүмкін. Ғылыми кеңестің мүшесі – қызметкер Университеттегі қызметінен босатылған жағдайда, ол автоматты түрде Ғылыми кеңестің құрамынан шығарылады.

3. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

- 3.1. Университет миссиясын табысты іске асыру және қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін Университеттің білім алушылары мен профессор-оқытушылар құрамы үшін қажетті жағдайлар жасау.
- 3.2. Қаржылық қолдауды қамтамасыз ету, Университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту.
- 3.3. Университеттің одан әрі үдемелі дамуына жәрдемдесу.

4. ФУНКЦИЯЛАРЫ

- 4.1. Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі бекітуге шығаратын құжаттарды қарау және талқылау.
- 4.2. Құжаттарды қарау және талқылау және бекіту, білім беру, ғылыми-зерттеу, клиникалық, қаржылық, шаруашылық, ақпараттық, халықаралық және өзге де қызмет түрлерін ұйымдастыру бойынша шешімдер қабылдау.
- 4.3. Университеттің стратегиялық жоспарлары мен даму бағыттарын іске асыру бойынша Басқарма төрағасы-Ректордың, Басқарма мүшелері-проректорлардың, құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің жыл сайынғы есептерін тыңдау.
- 4.4. Нормативтік талаптарға сәйкес білім беру, ғылыми, клиникалық және басқа да процестерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жаратқандыру және жабдықтау мәселелерін қарау.
- 4.5. Білім алушыларды ақылы оқудан мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға кезекті академиялық кезеңге ауыстыру туралы шешім қабылдау.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 11.11.2024	Басылым: төртінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ ғылыми кеңесі туралы	Қ БҚМУ 02	6 беттің 3 беті


- 4.6. Диссертациялық зерттеулер бойынша магистранттар мен PhD докторанттардың тақырыптарын, ғылыми жетекшілері мен ғылыми консультанттарын бекіту.
- 4.7. Атаулы стипендиялар мен сыйлық ақылар беру, уәкілетті органдар арқылы қауымдастырылған профессор (доцент), профессор ғылыми атақтарын беруге кандидатураларды, Университеттің құрметті атақтарын талқылау.
- 4.8. Университет қызметкерлерін үкіметтік және ведомстволық наградалар мен құрметті атақтарға ұсыну туралы мәселелерді қарау.
- 4.9. Мамандықтар бойынша МАК төрағаларының және Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы бойынша МЕК төрағасының есептерін бекіту.
- 4.10. Алқалы шешімді талап ететін Университеттің ағымдағы қызметінің өзге де мәселелерін қарау.
- 4.11. Ғылыми кеңестің отырыстары хаттамамен ресімделеді, оған Төраға мен Ғылыми хатшы қол қояды.

5. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС РЕГЛАМЕНТІ

- 5.1. Төраға Ғылыми кеңестің жоспарлы жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.
- 5.2. Ғылыми кеңес өз жұмысын Ғылыми кеңестің шешімімен бірінші отырыста бекітілетін оның қызметінің барлық кезеңіне бекітілген жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.
- 5.3. Ғылыми кеңестің отырыстары оның бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес айына кемінде бір рет өткізіледі. Ғылыми кеңестің отырыстары, егер оған оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, заңды болып саналады.
- 5.4. Ғылыми кеңестің барлық отырыстары, құрамында шектеулі таратуға жататын ақпарат бар материалдар қаралатын отырыстардан басқа, кеңейтілген форматта өткізіледі. Оларға Университеттің барлық қызметкерлері мен білім алушылары қатысуға және Төрағаның рұқсатымен мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы, алайда дауыс беру рәсімдерінде дауыс беру құқығы жоқ. Жабық отырыстарға тек Ғылыми кеңестің мүшелері қатысады.
- 5.5. Ғылыми кеңес отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер (қаулы етуші бөліктер) қабылданады. Егер отырысқа қатысқан Ғылыми кеңес мүшелерінің 50%-дан астамы оған дауыс берсе, шешім қабылданды деп есептеледі.
- 5.6. Жекелеген мәселелер бойынша шешім жасырын дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

6. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА МАТЕРИАЛДАРДЫ ДАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

- 6.1 Ғылыми кеңес отырысына дайындалған жоспарлы материалдар (күн тәртібі бойынша материалдар мен қаулы жобасы) жауапты орындаушылар мен қадағалайтын проректордың (деканның) қол қоюымен Ғылыми хатшыға Ғылыми кеңес отырысына дейін 7 (жеті) жұмыс күні бұрын қағаз және электрондық түрде тапсырылады.
- 6.2 Бекітілген күн тәртібіне кірмейтін мәселелерді Ғылыми кеңес отырысына енгізу бойынша ұсыныстар ілеспе материалдарымен бірге Ғылыми кеңестің кезекті отырысы өткізілетін күнге дейін 10 күннен кешіктірмей Ғылыми хатшыға беріледі.
- 6.3 Қаулы жобасы мен күн тәртібі бойынша дайындалған материалдар келісу үшін Ғылыми хатшы тарапынан Ғылыми кеңес Төрағасына ұсынылады. Қажет болған жағдайда, материалдар орындаушыларға қайта қарау үшін қайтарылады, және олар Ғылыми кеңес отырысы басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей аяқталуы тиіс.
- 6.4 Қажетті құжаттар мен материалдарды белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, Ғылыми хатшы Ғылыми кеңес төрағасына осы мәселені күн тәртібінен алып тастау және Ғылыми кеңес отырысының күн тәртібін бұзғаны үшін тәртіптік шаралар қолдану туралы өтініш жасауға құқылы.
- 6.5 Ғылыми кеңестің отырысында сөз сөйлеу үшін мынадай регламент белгіленеді:

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 11.11.2024	Басылым: төртінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ ғылыми кеңесі туралы	Қ БҚМУ 02	6 беттің 4 беті

- 20 минутқа дейін – есеп үшін;
- 10 минутқа дейін – есеп үшін;
- 10 минутқа дейін – негізгі мәселе үшін;
- 7 минутқа дейін – ақпарат үшін;
- 5 минутқа дейін – жарыссөзде сөйлеу үшін.

- 6.6 Ғылыми кеңестің шешімдері Ғылыми кеңестің төрағасы бекіткеннен кейін күшіне енеді және барлық жауапты тұлғалар орындауға міндетті болып табылады.
- 6.7 Ғылыми хатшы Ғылыми кеңес отырысының хаттамасынан үзінді көшірмелерді кейіннен олардың орындалуына мониторинг жүргізе отырып, жауапты адамдарға орындау үшін ұсынады.

7. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1 Ғылыми кеңес мүшелері:

➤ өз қызметін Ғылыми кеңес туралы ереже, оның міндеттері мен функциялары негізінде, сондай-ақ өзінің лауазымдық міндеттеріне сәйкес және Ғылыми кеңес жұмысының регламентіне сәйкес жүзеге асыруға;

➤ талқыланатын мәселелерді қарауды қамтамасыз ететін Ғылыми кеңестің есеп және басқа да жұмыс комиссияларының құрамына сайлауға және сайлануға;

➤ қарастырылып отырған мәселе бойынша өз пікірін білдіруге;

➤ Ғылыми кеңес отырысының күн тәртібі бойынша барлық материалдармен танысуға;

➤ дауыс беруге қатысуға;

➤ Ғылыми кеңес төрағасының атына жазылған жеке өтініші бойынша Ғылыми кеңес құрамынан шығуға құқылы.

7.2 Ғылыми кеңес мүшелері:

➤ Ғылыми кеңестің отырыстарына қатысуға;

➤ Ғылыми кеңестің отырыстарында қабылданған шешімдер туралы өз бөлімшелерінің қызметкерлерін хабардар етуге;

➤ Ғылыми кеңес отырысына дәлелді себептермен қатыса алмаған жағдайда, бұл туралы алдын ала Ғылыми кеңес Төрағасына немесе Ғылыми хатшыға хабарлауға; мұндай жағдайларда, Ғылыми хатшымен келісе отырып, отырысқа бөлімдер, орталықтар немесе департаменттер үшін орынбасарды, ал кафедралар үшін дауыс беру құқығынсыз доценттен төмен емес лауазымдағы қызметкерді делегат ретінде жіберуге;

➤ Ғылыми кеңестің отырысына сұрақтар дайындау кезінде Ғылыми хатшыға отырыстарды өткізу үшін қажетті материалдарды ұсынуға;

➤ Университеттің Ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын сақтауға;

➤ осы Ереженің талаптарын сақтауға **міндетті**.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1 Осы Ереженің орындалуын бақылау функциясы Ғылыми хатшыға жүктеледі

8.2 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығы негізінде ережені жаңа редакцияда шығару жолымен енгізіледі және Университет қызметкерлері мен мүдделі лауазымды тұлғаларының назарына жеткізіледі.

8.3 Осы ереже ол бекітілген күннен бастап күшіне енеді және ол белгіленген тәртіппен жойылған сәтке дейін қолданылады.

8.4 Бөлімше таратылған немесе бөлімше туралы ереже жаңа редакцияда бекітілген жағдайда, осы Ереже заңды күшін жояды және жарамсыз болып табылады.

